«Банк клиенттеріне ай сайынғы қызмет көрсетуі бар премиум карталарды шығару бойынша арнайы ұсыныс» қағидалары

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы қағидалар (бұдан әрі – «Қағидалар») Банк клиенттеріне ай сайынғы қызмет көрсетуі бар премиум карталарды шығару бойынша арнайы ұсынысты (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») өткізу тәртібін, оған қатысу шарттарын және оны өткізуге байланысты өзге де ережелерді айқындайды.

1.2. Арнайы ұсыныстың ұйымдастырушысы - «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Банк»).

1.3. Арнайы ұсыныс Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі және ай сайынғы қызмет көрсетуі бар премиум картаны ресімдеген Банк клиенттері үшін қолданылады.

1.4. Арнайы ұсыныс 3 (үш) ай ішінде әрекет етеді.

1.5. Қағидаларда келесі түсініктер пайдаланылады:

Орташа күндік қалдық - бұл 1 (бір) күнтізбелік ай ішінде Банкте ашылған барлық шоттарда орналастырылған ақшаның орташа сомасы.

Күнтізбелік ай – тиісті айдың бірінші күнінен бастап соңғы күнін қоса алғандағы кезең.

Картаны шығару арналары – клиент өтінім бере алатын және банктік картаны ала алатын өзара іс-қимыл тәсілдері мен орындары.

2. Арнайы ұсыныстың мәні

2.1. Арнайы ұсыныс шеңберінде қатысушыларға келесі қосымша артықшылықтар беріледі:

- әуежайлардың халықаралық бизнес-залдарына қонақтармен бірге кіру мүмкіндігі;
- премиум төлем картасына қызмет көрсету үшін ай сайынғы комиссияны төлеуден босатылу.

3. Арнайы ұсыныстың қатысушылары

3.1. Арнайы ұсынысқа жеке тұлғалар (ҚР резиденттері/бейрезиденттер) қатыса алады:

- 1-кестеде көрсетілген талаптар орындалған жағдайда, бұрын Банкте қызмет көрсетіліп, қызмет көрсетілуі тоқтатылған, ай сайынғы комиссиясы бар карталарды шығарған клиенттер;
- 1-кестеде көрсетілген талаптар орындалған жағдайда, ай сайынғы комиссиясы бар карталарды шығарған әрекеттегі клиенттер.

3.2. Арнайы ұсыныс шеңберінде қатысушыларға әуежайлардың халықаралық бизнес-залдарына қонақтармен бірге кіру мүмкіндігі беріледі, сондай-ақ белгіленген өлшемшарттар сақталған жағдайда картаға қызмет көрсету үшін ай сайынғы комиссияның нөлдік мөлшері белгіленеді.

3.3. Әуежайлардың халықаралық бизнес-залдарына кіруге арналған қонақтар саны:

- Prime санаты үшін айына 2 (екі) қонаққа дейін;
- Ultra санаты үшін айына 5 (бес) қонаққа дейін.

3.4. Премиум картаға ай сайынғы қызмет көрсету[1] Арнайы ұсынысты өткізу кезеңінде төменде көрсетілген өлшемшарттардың кемінде біреуі орындалған жағдайда комиссия алынбай (0 ₸) жүзеге асырылады:

1-кесте

Санаттың атауы	**Prime**			**Ultra**		
Өлшемшарттары	Retail* - 1 млн. ₸ бастап 2 млн. ₸ дейін; немесе Қалдықтар** - 5 млн. ₸ бастап 10 млн. ₸ дейін.			Retail* - 2 млн. ₸ бастап; немесе Қалдықтар** - 10 млн. ₸ бастап.		
Арнайы ұсыныстың кезеңі	Арнайы ұсыныс кезеңі ішінде***	Арнайы ұсыныс біткеннен кейін		Арнайы ұсыныс кезеңі ішінде ***	Арнайы ұсыныс біткеннен кейін	
		Өлшемшарттарға сәйкес келеді	Өлшемшарттарға сәйкес келмейді		Өлшемшарттарға сәйкес келеді	Өлшемшарттарға сәйкес келмейді
ХТЖ толықтырулары: Халықаралық бизнес-залдарына кіру	карта ұстаушысы үшін 0 тг.+ айына 2 қонақ	карта ұстаушысы үшін 0 тг.+ айына 2 қонақ	Комиссия ХТЖ тарифтеріне сәйкес ұсталады	карта ұстаушысы үшін 0 ₸+ айына 5 қонақ	карта ұстаушысы үшін 0 ₸+ айына 5 қонақ	Комиссия ХТЖ тарифтеріне сәйкес ұсталады

** Банкте ашылған барлық белсенді карталар бойынша жасалған сатып алулар, соның ішінде Freedom Holding Corp. экожүйесіндегі сатып алулар.*

1 *Арнайы ұсынысқа дейін премиум карталарды шығарған клиенттерге ай сайынғы комиссиясы бар тариф қолданылмайды.*

*** Орташа күндік жиынтық қалдық (айдың бірінші күнінен бастап) ағымдағы және жинақ шоттарындағы (карталық шоттарды қоса алғанда), сондай-ақ Freedom (ETN) валютасы бойынша қалдықтарын ескере отырып есептеледі.*

**** Арнайы ұсыныс кезеңінде қатысу шарттарының орындалуын тексеру Арнайы ұсыныс іске қосылған күннен бастап соңғы 12 ай ішінде жүзеге асырылады. Көрсетілген кезеңнің кез келген бір күнтізбелік айында 1-кестедегі шарт орындалған кезде клиент шарттарды орындаған болып танылады.*

Қонақтарға арналған кіру рұқсаттары карта шығарылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде беріледі. Олардың саны арнайы ұсыныс әрекет ететін кезеңде ай сайынғы әр айдың 1-күні жаңартылып отырады.

3.5. Көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда келесі шарттар қолданылады:
- Премиум төлем картасына қызмет көрсету төлемі банк тарифтеріне сәйкес алынады;
- әуежайлардың халықаралық бизнес-залдарына қонақтардың кіру мүмкіндігі жойылады.

3.6. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін іріктеу кезеңі:
- қатысу шарттарының орындалуын тексеру Арнайы ұсыныс іске қосылған күннен бастап соңғы 12 ай ішінде жүзеге асырылады;
- көрсетілген кезеңнің кез келген бір күнтізбелік айында 1-кестедегі шарт орындалған кезде клиент шарттарды орындаған болып танылады.

4. Ай сайынғы қызмет көрсетумен премиум карталарды шығару арналары

4.1. Премиум картаны қолжетімді арналардың кез келгенінде ресімдеу ыңғайлы болады:
- Банктің мобилді қолданбаларында (Freedom SuperApp/Freedom Banker);
- Банктің сайтында;
- Банктің бөлімшелерінде;
- картоматтар арқылы.

Барлық арналар техникалық іске асыру аяқталғаннан кейін қолжетімді болады.

5. Шектеулер мен қосымша талаптар

5.1. Арнайы ұсыныс шарттары шеңберінде карта бойынша шығыстарды жасау кезінде тек retail транзакциялар түрінде жасалған төлемдер, соның ішінде Freedom Holding Corp. экожүйесіндегі сатып алулар — яғни жеке тұтыну үшін бөлшек сауда орындарында (дүкендерде, кафеде, мейрамханаларда, супермаркеттерде және интернет-дүкендерде) жүзеге асырылған тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу операциялары ғана ескеріледі.

5.2.Клиент тарапынан жосықсыз мінез-құлық, манипуляциялар немесе Арнайы ұсынысқа қатысу шарттарын айналып өту әрекеттері анықталған жағдайда, Банк осындай фактілер анықталған кезден бастап клиенттің Арнайы ұсынысқа қатысуынан бас тарту немесе оның қатысуын тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

5.3.Банк осы Қағидаларға өзгерістер енгізу, сондай-ақ бұл туралы клиенттерге Банк белгілеген тәртіппен хабарлай отырып, Арнайы ұсынысты мерзімінен бұрын аяқтау құқығын өзіне қалдырады.

6. Мәселелерді және дауларды қарастыру тәртібі

6.1. Арнайы ұсынысқа қатысуға қатысты сұрақтарды «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қолдау қызметіне Мобилді қолданба — Freedom SuperApp/Freedom Banker немесе 595 жедел желісі арқылы жіберуге болады.

6.2.Арнайы ұсынысқа қатысты даулы жағдайлар туындаған кезде соңғы шешімді Банк қабылдайды.

7. Қорытынды ережелер

7.1.Арнайы ұсынысқа қатысу клиенттің осы Қағидалармен толық келісетінін білдіреді.

7.2. Осы Қағидаларда көрсетілген уақыт шеңберлері Астана қ. жергілікті уақыты (UTC+6) бойынша белгіленеді.

7.3. Осы Қағидалар жария оферта болып табылады және олар жарияланған кезден бастап күшіне енеді.

7.4.Осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер Банктің ресми интернет-ресурсында жарияланған кезден бастап жарамды болады және олармен танысуды, осы Қағидалармен және тұтастай алғанда Банктің Арнайы ұсынысына қатысу шарттарымен келісуді білдіреді.

7.5.Банк осы Қағидалардың шарттарын, соның ішінде төлем картасын ұсыну, іске қосу және пайдалану тәртібін өзгерту немесе жою құқығын өзіне қалдырады.

7.6.Банк оның ресми интернет-ресурсында немесе Мобилді қолданба — Freedom SuperApp-та/Freedom Banker-де және/немесе Банктің таңдауы бойынша клиент үшін қолжетімді басқа тәсілмен тиісті ақпаратты орналастыру арқылы клиенттерге Арнайы ұсынысты өткізу туралы хабарлайды.

7.7. Картаны ашу банктік шотты ашу үдерісін реттейтін Банктің қолданыстағы әрі бекітілген ішкі рәсімдері негізінде клиент атына жүзеге асырылады.